



Бекітемін : 

Мектеп директоры

Е.М.Елғондина

31.08.2023

Келісемін: 

тәр.ісі.орынбасары

Л.Шутенова

31.08.2023

Ә/Б отырысында қаралды

Хаттама №

Бала және театр

үйірмесінің жылдық жоспары

Сыныбы:3,4

Үйірме жетекшісі: Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

Үйірме бағдарламасы бастауыш сыныптардағы оқушылардың жоспарына сай есептеліп жасалған. Үйірме – бұл мұғалімнің оқушылармен әріптестік қатынаста және нәтижеге қол жеткізуі үшін жұмыс жасауына арналған. Бұл технология қатысушыларды ізденімпаздыққа, таным мен өзін-өзі тануға бағытталған. Үйірменің өз жұмыс мақсаты мен міндеттері бар. Сезіну, елестету, көру, тапсырманы орындау, содан соң ізденімпаздықты ұйымдастыру – жетекшінің тілеген әрекеттері міне, осылар. Оқушының үйірмеге ұмтылысын күшейтетін нәрселер – өз идеяларын ұсыну, жарнамалау, өз жұмысының нәтижесін көру. Үйірме жұмысы үнемі өз жұмысын талдаумен, өз әсерімен бөлісумен аяқталып отырады. Үйірме жұмысы бірнеше бөлімдерден құралған бағдарламадан тұрады. «Сөйлеу мәдениеті мен техникасы» бөлімінде тыныс алу, сөйлеу мүшелерінің еркін жұмыс жасауына бағытталған жаттығулар мен ойындар жүргізіледі. Сондай-ақ, нақты мәнер мен ойлау, орфоэпиялық заңдылықтар түсіндіріледі. Бөлімге байланыс қабілетін дамытатын, қысқаша ертегілер мен әңгімелер құрауға үйренетін, қарапайым іс-әрекеттерді таңдай білетін сөздік ойындар енгізілген.

Келесі «Сымбат пен мүсін икемділігі» бөлімінде баланың қозғалыс қабілеттерін, дене әрекетінің әдемі қимыл қозғалысын, оқу күшін жеңілдетуге бағытталған дамыту ойындары мен жаттығу жұмыстары жүргізіледі.

«Театральдық ойын» бөлімінде оқушының тек қана кәсіби шеберлігін дамыту қарастырылмайды, сондай-ақ, ойын әрекетіндегі эстетикалық сезімін дамыту, құрдастары мен үлкендер түрлі жағдаяттар арасында өзін дұрыс ұстай білу тәртібі үйретіледі.

«Әдеп пен мәдениет» бөлімінде оқушылардың өмірдің мәні мен құндылықтарын түсіну, жалпы адамзаттық бағалы қасиеттерді ұғыну, сөйлесу мәдениеті мен өзін ұстай білу әдебін, эстетикалық мәдениетті (талғамы бар оқырман, көрермен бола білуге) білуі үйретіледі.

Үйірменің жұмыс кестесі бастауыш екі сыныпқа аптасына екі рет жүргізіледі.

Бала және театр үйірмесінің бағдарламасы мен тақырыптық жұмыс жоспары

1. Мақсаты: оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру;
 - оқырмандық, көрермендік талғамды қалыптастыру;
 - ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;

2. Міндеті:

- әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуге, мән – мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу;
- көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын ояту;
- жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру;
- актерлік шеберлігін қалыптастыру, дамыту.

3. Жаңашылдығы:

- бағдарламада театрлық-ойын әрекетінің құралдары жүйеленген, балалар шығармашылығының түрлі жанрлары театрлық көрініске ену арқылы іске асуына негізделген.

Кіріспе.

Оқушылардың тілі мен ойлау қабілетін қалай дамытуға болады? Сөздің сырын түсінуге қалай үйрету керек? Әлемді тануға, елгезектік пен қайырымдылық, біреудің қайғысына ортақтаса білу мен барлық тіршілік иесін жақсы көруге қалай үйрету керек?

Эмоционалдық ұялшақтықтан, қысылып-қымтырылудан арылу мен сөзді, образды сезіне білу мен кейіпкерге ене білуді үйренудің ең дұрыс жолы - бұл ойын қиялдау мен құрастыра білу. Мұның барлығын да театрландырылған үйірме бере алады. Аталмыш бағдарламада балалар театры тек қана көркемдік нәтижеге жету құралы, яғни спектакль қою ретінде ғана қарастырылмайды. Сонымен қатар, театр өнерімен шұғылдану оқушылардың ойлау қабілеті мен таным қызығушылығын белсендіруі, қиялы мен елесін оятуы, ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығын оятуы өте маңызды. Үйірме - оқушылардың іс-әрекетінің сабақтан гөрі басқа бір түрі. Оқушы дайын сабақты алумен шектелмейді, ол сондай-ақ, оны жасайды, өзі құрастырады. Үйірмеде балалар назары мәселені өздері қоюға, ойлану мен жетекші көрсетіп берген бағытта өздік жұмыстарын дамытуға, таным қабілеттерін дамытуға бағытталады. Олар тапсырманы орындауда жеке, ұжымдық жұмыстарды жасай отырып, қажетті құралдар мен әдіс-тәсілдерді өздері таңдайды. Сенімділік, оқушылар мен жетекшінің біріккен қызметі, дидактикалық материалмен бірігіп жұмыс жасау, өнердің басқа түрлерімен байланыс, бәрі- оқушының жеке тұлғасының дамуына әсер етеді.

Күтілетін нәтижелер:

Оқу жылының аяғына қарай оқушы:

Біледі:

1. Театр деген не?
2. Театр басқа өнер түрлерінен несімен ерекшеленеді
3. Театр неден пайда болды?

Театрдың қандай түрлері бар? (Қуыршақ, драмалық, опера, балет, музыкалық комедиялар, халықтық)

4. Театр қойылымдарын (спектакльдерді) кімдер жасайды?

Түсінігі болады

1. Сахнаның негізгі техникалық құралдары жөнінде
2. Сахнаның безендірілуі жөнінде
3. Сахна мен көрермен залында өзін – өзі ұстау ережелі туралы

Үйренеді:

1. Өзінің өмірдегі құбылыстарға қатынасын сахнада көрсетуді
2. Бейнелі ойлауды
3. Назарын аудару білуді
4. Өзін сахна кеңістігінде сезінуді

Таланттарын үстемелейді:

1. Кейіпкермен (сыныптастармен) сөйлесу
2. Қарапайым актер шеберлігі
3. Қоршаған әлемді бейнелі қабылдау
4. Сыртқы зиян келтірушілерге дәл, бейнелі әсер ету
5. Ұжыммен жұмыс


Сондай-ақ, артық ұялшақтықтан, қоғамнан қорқудан, «сыртқы кезқарастан» қысылудан арылады, тіл табысқыштық, ашықтық, қоршаған ортаға қамқорлық, ұжым алдындағы жауапкершілік қасиеттерін алады.

«Бала және театр» үйірмесінің тақырыптық жұмыс жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе әңгіме. Үйірменің жұмыс жоспарымен таныстыру. Үйірмеге қатысушылар тізімін жасау.	2	01.09.2023ж
<i>Сөйлеу мәдениеті мен техникасы</i>			
2	Назар аударуды дамыту ойындары.	2	07.09
3	Түрлі әңгімелерден рольдік ойындарға этюдтер жасау.	2	08.09
<i>Сымбаттылық, икемділік</i>			
4	Психофизикалық тренинг, этюдке дайындық. Сымбат пен жүріс әсемдігін меңгеру.	4	14.15.09
5	Сахналық «Көрерменге сөйлеу» этюдін үйрену. («Танысу», «Тілек тілеу», «Айна»).	4	21.22.09
<i>Театральдық ойын</i>			
6	Театр құрылымымен, оның негізгі мамандары: актер, режиссер, сценарист, суретші, гримермен танысу. Сахналық этюд «Театр мамандарын» үйрену.	4	28.29.09
7	Грим техникасы. Гримнің және гримдегі техникалық құралдардың гигиенасы. Жалпы рең берудің әдістері	4	05.06.10
8	Қуыршақ театры. Қуыршақпен жұмыстың негізгі ережелері	4	12.13.10
9	Қарапайым этюдтер материалы негізінде қуыршақ жүргізу дағдыларын меңгеру.	4	19.20.10
10	Рольдегілердің мінез-құлық, түр, түс ерекшелігіне (сыртқы бейнесі мен дауыс мәнерін және т.б. ескере отырып) қарай соған сай келетін жас әртістерді рольдерге бөлу. Ертегіні мәнерлеп оқу	4	26.27.10
11	Рөльдермен жұмыс жасау. (Диалог барысындағы мимикамен, ой екпінімен, сахналық безендірумен жұмыс жасау)	4	02.03.11
12	Рөльдермен жұмыс жасау. (Диалог барысындағы мимикамен, ой екпінімен, сахналық безендірумен жұмыс жасау)	4	09.10.11
13	Рөльдермен жұмыс жасау. (Диалог барысындағы мимикамен, ой екпінімен, сахналық безендірумен жұмыс жасау)	4	16.17.11

14	Ертегі мазмұнын ашуға сай келетін музыка таңдау. Дайындық жұмысы.	4	23.24.11
15	Костюмдермен, безендірумен, музыкалық қосымшамен бірге күрделі дайындық жұмысын жүргізу.	4	30.01.12
16	Ертегіні оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдер алдында қою.	2	07.12
17	Үйірмені сырттан бақылаушылармен және қатысушылармен бірге талдау жұмысы (келесіде қайталанбауға тиісті жіберілген кемшіліктері). Іс-әрекетті талдау (Ертегімен жұмыс жасау қызықты болды ма, оның қажеттілігі болды ма, ұжыммен бірге әрі қарай не жасайтындығына - келесі іске ұжымдық жоспар құру)	2	08.12
Әдеп пен мәдениет			
18	Әдептің жалпы адам мәдениетімен байланысы Адамның бір-біріне сыйластығы, жер табиғатына, Отанға, балалық шаққа, кәрілікке, ата-анаға, нанға, білімге, өз-өзіне және барлық білмейтін нәрсеге сыйластық қарым-қатынас.	4	14.15.12
19	«Адам – ұлы құндылық» тақырыбында өз жақындарының суреттерімен әңгіме құрау. («Әлемде қызықсыз адам жоқ»)	4	21.22.12
20	Сахналық этюд «Театр ілгіштен басталады, ал, әдеп «сиқырлы» сөздерден басталады» (Әдеп).	4	28.29.12
21	Жағымсыз қылық, іс-әрекеттердің зияны (Мәдениет)	4	04.05.01
22	Метаграмма және логориф жұмбақтар. (сөзді сезіну мен өзгеше ойлау қабілеті)	4	11.12.01
Сөйлеу мәдениеті мен техникасы			
23	Тыныс алуды дамыту мен сөйлеу мүшелерінің еркін жұмыс істеуіне бағытталған ойындар мен жаттығулар	4	18.19.01
24	Тілдік сөйлеу қызметін дамытуға арналған ойындар «Басын іздейміз», «Құрастырушы», «Екінші жартысын табайық», «Алғашқы әріп бойымен», «Бірнешеуден біреуін»	4	25.26.01
25	«Білім - күш» сабағы. Оқу-білім тақырыбындағы шығармалармен жұмыс жасау.	4	01.02.02
Қимыл-қозғалыс икемділігі			
26	Затсыз этюд (инеге жіпті салу, киімдерді чемоданға жинау, қарындаштың ұшын шығару, шай құю, т.б.)	4	08.09.02


27	Сахналық этюд «Жарнама», «Мүсін», « Қайшылық» , жұптық сахналық этюдтер «Өте үлкен сурет», «Пейзаж»	4	15.16.02
28	Сахналық этюдтер. Мәтін бойынша шумен безендіру, топқа бөліну, сахналық этюдтерді жасау.	4	22.23.02
29	Қимыл-қозғалыстың икемділігіне дайындық. Доптармен жаттығулар.	4	29.01.03
<i>Театральдық ойын</i>			
30	Мәтіндегі ойға сөздік іс-әрекет. Сөйлеу мен дене әрекеті (дене мен сөйлеу жұмыстарын елестету, жасау, ой қимыл икемділігі арқылы ашылады)	4	07.09.03
31	Байқау қабілетін дамыту. (Өз бақылауы негізінде этюд көрсету. Адам мінезін, оның қоршаған ортаға қарым-қатынасын түсіну мен түсіндіру).	4	14.15.03
32	Қуыршақ персонаждарымен жаттығу жұмыстары	4	19.20.03
33	Артикуляция мүшелерімен, дикциямен (мәнер) және орфоэпиялық ережелермен танысу жұмыстары (Әріптерді қайталау, дауыстыларды, дауыссыздардың түрлерінің кезектесіп келуімен жаттығулар жасау, мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштар арқылы жаттығу)	4	28.29.03
34	Мысалшылар мысалдарымен танысу. Образдап оқу.	4	04.05.04
35	Мысалшылардың мысалдарындағы қанатты сөздерге сахналық этюдтер	4	11.12.04
36	Оқушыларды бет-әлпет, мінез-құлық, дауыс мәнері ерекшеліктеріне қарай рольдерге бөлу. (сырт бейнесі, және т.б. сай келуі ескеріледі. Жекелеген көріністермен дайындық.	4	18.19.04
37	Оқылған шығармалары бойынша қуыршақ персонаждарымен дайындық жасау	4	25.26.04
38	Пантомимикалық іс-әрекеттермен дайындық. Афишалар дайынау.	2	02.05
39	Сахналық безендірумен, костюмдермен, музыкалық әрлеумен бірге күрделі дайындық жұмысы.	2	03.10.05
40	Ата -аналар, ұстаздар, оқушылар алдында сахналау. Бір жылдың жұмысын талдау.	2	16.05
Барлық сағат саны		144	

Бекітемін: 

Мектеп директоры

Е.М.Елғондина

31.08.2023

Келісемін: 

тәр.ісі.орынбасары

Л.Шутенова

31.08.2023

Ә/Б отырысында қаралды

Хаттама№

Бала және театр

үйірмесінің жылдық жоспары

Сыныбы:5-6

Үйірме жетекшісі: Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

Қазіргі заман талабына сай алғыр, батыл, өзін көпшілік алдында еркін ұстай алатын, өз ойын, пікірін жеткізе алатын, өзіне сенімді, топпен, ұжыммен жұмыс істей алатын, тез өзгермелі заманда қоғамға бейімделе алатын, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда мектеп өмірінде оқушылардың әртүрлі театр шығармашылығын қолдану өзекті болып табылады.

Жалпы білім беретін мектепте театр жұмысын үйрету мектептің оқу-тәрбие үдерісіне тиімді болады, өйткені ұжым бірлесе жұмыс істейді, мұғалім мен оқушы арасында мәдениетті қарым-қатынас туындайды. Актер-өнерпаздардың позициясымен таныса отырып оқушының танымдық, рухани, эмоционалды, еңбек тәжірибесін қалыптастырады және дамытады.

Театр шығармашылығы оқушыларды өнерге деген қызығушылығын арттырады, ой-қиялын, зейін, есте сақтау сияқты қабілеттерін арттырады. Ұжымда жағымды психологиялық атмосфераны қалыптастырады. Үйірме жұмысы оқушылардың бір-бірімен тіл табыса білуі, өз ойларын, білімдерін ортаға салып, өз білгенін басқалармен бөлісе білуге үйретеді.

Мұғалім көмегімен жас әртістер өз рөлдерімен жұмыс істейді, сөздерін жаттайды, оның дұрыс оқылуы мен дыбысталуын, интонация тазалығы, анық артикуляция, мимика, суреттің дәл ритмикасын келтіре отыра көркем образды ашады. Рөлдерді бөлу мұғалім мен оқушының келісімі бойынша жүргізіледі.

Үйірме жұмысының мақсаты: әр оқушының өзіндік қабілетін ашу, белсенділігін арттыру. Шығармашылығын шыңдау.

Бала және театр үйірмесінің мақсаты мен міндеттері

Балалардың сана -сезімін, жауапкершілігін, сауаттылығын, мәдениеттілігін рухани дүниесін қалыптастыру.

Балаларды көркемдік эстетикалық шығармашылық, моральдік – этикалық нормаларды қалыптастыру, өнерге баулу.

-Балаларға актерлік шеберліктің негіздерін меңгерту, жеке тұлғаның таным талғамын арттыру.

-Балаға актерлық техниканы меңгерте отырып, шығармашылық көзқарас, ойлау функцияларын қалыптастыру.

- сахна мәдениетін өн бойына қалыптастыру, сахна тілін дамыту.

-Көпшілік ортада өзін этикалық нормаларға сай ұстауға тәрбиелеу.

-Дұрыс сөйлеу техникасына икемдеу.

-Этикет нормаларына баулу және тәрбиелеу.

-Шығармашылық ой -өрісті қалыптастыру және дамыту.

Күгілетін нәтиже: актерлік өнердің қыр-сырын меңгеру, жұрт алдында өзін дұрыс ұстай білу, өз ойын жеткізе білу. Болашақта актер болмаса да заман талабына сай тележүргізуші, пресс-хатшы, менеджер т.б. сияқты кез-келген мамандықта өз ойын дұрыс, еркін жеткізе білетін өзіне сенімді тұлғаны даярлау. Оқушылардың ішкі жан әлемін байытып, оқырмандық мәдениет қалыптастырады. Көркем шығармаларды өз бетінше іздеп, қызығып оқуға дағдыланады.

Үйірме бағдарламасы 4,5,6 сынып оқушыларына арналған.

Үйірменің жұмысы - актерлік өнердің негізімен таныстыру, қуыршақ персонаждарымен жұмыс жасау.

Үйірме аптасына 4 сағат, жылына 154 сағатқа құрылған.

Үйірме жұмысының бақылау формасы - мектеп оқушылары мен ата-аналарға есептік қойылым көрсету.

Бағдарламаны жүзеге асыру талаптарына сай әдебиеттер тізімі берілген.

«Бала және театр» жобасы аясындағы үйірменің күнтізбелік – тақырыптық жұмыс жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Теория	Практика	Мерзімі
1	Кіріспе әңгіме. Үйірменің жұмыс жоспарымен таныстыру. Үйірмеге қатысушылар тізімін жасау.	2			01.09.2023 ж
2	Театр өнері	2	1	1	07.08.09
3	Театр – ұжымдық өнер	2	1	1	14.15.09
4	Актерлық өнердің негіздері	2	1	1	21.22.09
5	Сахна этикасы	2	1	1	28.29.09
6	Әлемнің үздік театрлары	4	2	2	05.06.10
7	Қазақтың белгілі сахна әлеміндегі тұлғалары	4	2	2	12.13.10
8	Жанылпаштарды жатқа оқу Өлендерді мәнерлеп оқу.	4	2	2	19.20.10
9	Қуыршақ театры тарихы	4	2	2	26.27.10
10	Қуыршақпен жұмыстың негізгі ережелері	4	2	2	02.03.11
11	Қазақ ертегілері	4	2	2	09.10.11
12	Алпамыс батыр ертегісінің мазмұнын, негізгі идеясын түсіндіру	4	2	2	16.17.11
13	Алпамыс батыр ертегісінің кейіпкерлеріне талдау, мінездеме беру, рөлдік тапсырмалар	4	2	2	23.24.11
14	Ертегіні қуыршақ персонаждарымен дайындық жаттығулар	4	2	2	30.01.12
15	Серіктеспен шығармашылық қарым -қатынас жаттығулары	4	2	2	07.08.12
16	Сахнада сөйлеу мәнері	4	2	2	14.15.12
17	Қойылымды көрермен талқысына ұсыну.	4	2	2	21.22.12
18	Адамның даусы мен сөйлеу мәнері	4	2	2	28.29.12
19	Интонация көңіл -күй, персонаж характері	4	2	2	04.05.01
20	Әрекет тудырушы «Егер де...»	4	2	2	11.12.01
21	Есте сақтау қабілетіне арналған актерлық өнер сабағы	4	2	2	18.19.01
22	Өмірде кездесетін жағдайларға этюд	4	2	2	25.26.01
23	Демге арналған тренинг жаттығулар.	4	2	2	01.02.02
24	Мимика, қимыл -қозғалыс, ым -ишара.	4	2	2	08.09.02
25	Сөйлемейтін адамның іс -әрекеті	4	2	2	15.16.02
26	«Немое кино» қойылмын көрсету	4	2	2	22.23.02
27	Дикцияны жақсартуға арналған жаттығулар	4	2	2	29.01.03
28	Аутотренингтер (жаттығулар)	4	2	2	07.09.03
29	Сахна тілі. Тыныстың түрлері. Жаттығулар	4	2	2	14.15.03
30	Әрекет тудырушы «Егер де...»	4	2	2	21.22.03
31	Сахна тілі. Ауыз қуыс артикуляциясы.	4	2	2	28.29.03
32	Ұсынылаған тосын жағдайлар	4	2	2	04.05.04
33	Еркіндікті ашатын тренинг жаттығулар.	4	2	2	11.12.04
34	Әлем ертегілерімен оқып танысу.	4	2	2	18.19.04

35	Әлем ертегілері топтамасын оқу, мазмұнын негізгі идеясын түсіндіру.	4	2	2	25.26.04
36	Әлем ертегілері, аңыздары, ғибратты әңгімелері кейіпкерлерін талдау, мінездеме беру, рөлдік тапсырмалар.	4	2	2	02.03.05
37	Ертегілерді қурышак персонаждарымен дайындық жұмыстары	4	2	2	09.10.05
38	Әлем ертегілерінен қойылым қою. Қойылымды көрермен талқысына ұсыну.	4	2	2	16.17.05
39	Үйірмені сырттан бақылаушылармен және қатысушылармен бірге талдау жұмысы. Жылдық қорытынды.	2			23.05
Барлық сағат саны		144			

Әдебиеттер тізімі:

- 1) Искакова И.И. «Режиссура» мамандығының студенттеріне «Сахна тілі» пәнін оқытудың ерекшеліктері. Дәріс.
- 2) Утепова А. Қ. «Сахнадағы тіл тазалығы, анық сөйлеудің әдіс-тәсілдері»
- 3) Ахметов З. «Өлең өрнегі» Мектеп, 1976.
- 4) Қабдолов З. «Сөз өнері» Мектеп, 1976.
- 5) Байсеркеұлы М. Сахна және актер. Оқу құралы. Алматы, 1993.
- 6) Тұранқұлова Д. Сахна тілі. Оқу құралы, А., 1999.
- 7) Тоқпанов А.Т. Бүгінгі күнге дейін. Оқу құралы. А., 1976.
- 8) Халық ертегілері.
- 9) Әлем ертегілері
- 10) Көркем шығармалар